

## **Тарихи сатып алушылар арасында астық жинау комбайндары мен астық жинау комбайндарының модульдерін әкелуге 2016 жылға арналған импорттық квота көлемдерін бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 185 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 3 маусымда № 13767 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 маусымдағы № 616 қаулысымен бекітілген Астық жинау комбайндары мен астық жинау комбайндарының модульдерін әкелуге арналған импорттық квота көлемдерін сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлу қағидаларының 14-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған тарихи сатып алушылар арасында астық жинау комбайндары мен астық жинау комбайндарының модульдерін әкелуге 2016 жылға арналған импорттық квота көлемдерін бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Сауда қызметін реттеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және « Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында о р н а л а с т ы р ы л у ы н ;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан

Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі Е. Досаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
А. Мамытбеков

2016 жылғы 29 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2016 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 185 бұйрығымен  
бекітілген

**Тарихи сатып алушылар арасында астық жинау комбайндары мен астық жинау комбайндарының модульдерін әкелуге 2016 жылға арналған импорттық квота көлемдерін бөлу туралы**

Р/с №	С Э Қ қатысушысы	ЖСН/БСН	Әкелінген тауар саны, дана			Есептік кезеңде жалпы әкелу көлеміндегі СЭҚ қатысушысының тауар әкелу үлесі, %-бен	Өтінім берілген тауар саны, дана	Есептелген импорттық квота көлемі, дана	
			Барлығы	Оның ішінде:					
		2013 жыл		2014 жыл	2015 жыл				
1	«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы	991240000043	279	57	106	116	100	70	70
БАРЛЫҒЫ			279	57	106	116	100	70	70